



**"Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелер туралы" Көкшетау қалалық мәслихатының 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № С-46/8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № С-11/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 наурызда № 8725-03 болып тіркелді

Көкшетау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Көкшетау қалалық мәслихатының "Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелер туралы" 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № С-46/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8026 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 3-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Көкшетау қалалық мәслихатының төрағасы*

*Д.Акимов*

Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2024 жылғы 27 наурыздағы  
№ С-11/7 шешіміне  
қосымша  
Көкшетау қалалық  
мәслихатының  
2020 жылғы 15 қыркүйектегі  
№ С-46/8 шешіміне  
3-қосымша

**Көкшетау қаласында пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Көкшетау қаласының келесі объектілерінің іргелес аумақтарының шекараларынан 800 метр қашықтықта пикеттеуді өткізуге:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясына іргелес жатқан аумақта;
- 5) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;

б) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда жол берілмейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ